



2019 жылғы 12 маусым

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ 17-8/807 зп

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі

2019 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 10-5-386 хатқа

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлайды.

Депутаттар «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңда көзделген жағдайларда қазақстандық авиакомпанияда ең жоғарғы қатысу (бақылау) шегінен шыққан акционерлердің дауыс беру құқықтарын шектеу, дивидендтерді алу құқығын шектеу, акциясын мәжбүрлеп сатып алу немесе оларды мәжбүрлеп өткізу түрінде осы акционерлердің құқықтарын шектеу, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияға шетелдік қатысу (бақылау) қағидаларын бекіту бойынша өкілеттікті беру бөлігіндегі түзетулерді ұсынады. Ұсынылған нормалар тұрақты әуе тасымалын жүзеге асыратын қазақстандық

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕККЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні қорсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014257\*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ХАТ МАТРАТЫ  
Кіріс № 2173/А 8/807 м/10-5-386  
20 19 ж. «12» 06

0014257 \*

ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

авиакомпанияларға олардың халықаралық әуе жолымен ұшуды орындау құқықтарын сақтап қалуына бағытталған.

Заң жобасының негізгі мақсаты басқару органдарының қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, олардың қызметін реттеу, тұрғын үйлерді ағымдағы және күрделі жөндеуге қаражат жинау механизмдерін регламенттеу, газбен жабдықтау объектілерін және қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қызметін жетілдіру, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге кезектіліктің есебін автоматтандыру және түгендеу болып табылады.

Депутаттар ұсынған заң жобасына түзетулер Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келмейді. Ұсынылған түзетулер реттеуші құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін нормаларды қабылдауды болжайды.

Депутаттардың заң жобасына ұсынған түзетулері мемлекеттік бюджет шығындарының ұлғаюын болжамайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары 4 түзетуге бастамашылық жасады.

#### ***Салыстырмалы кестенің 1, 2 және 3 позициялары бойынша***

«Акционерлік қоғамдар туралы» және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына акционерлердің құқықтарын шектеу және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияларға шетелдік қатысуды (бақылауды) шектеу жөніндегі қағидаларды бекіту бойынша құзыреттерді беру бөлігіндегі толықтырулар енгізуге қатысты түзетулер **қолдау тапты.**

#### ***Салыстырмалы кестенің 4 позициясы бойынша***

Жаңа 74-1-бапта акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияларға қатысуды (бақылауды) шектеуді реттейтін толықтыруға қатысты, директорлар кеңесінің «бұзушы акционерді» анықтау, «бұзушы акционердің» акциясын мәжбүрлеп сатып алу және (немесе) мәжбүрлеп өткізу, сондай-ақ бір адамның жеке не бір немесе бірнеше адаммен бірлесіп заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетел ұйымының шешімін тікелей немесе жанама түрде айқындау мүмкіндігін анықтау механизмдеріне қатысты түзетулер **ішінара қолдау тапты.**

Қайталауды болдырмау мақсатында жаңа 74-1-бапта «, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен» деген сөздерді алып тастауды ұсынамыз.

Әуе компаниялар акционерлерінің жауапкершілігін нақтылау мақсатында 74-1-баптың 4-тармағының бірінші абзацын мынадай редакцияда жазуды

ұсынамыз:

«4. Акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияның акционері акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияға осы баптың 2-тармағының талаптарына сәйкес ақпаратты *ішінара немесе толық* ұсынбаған:».

Шетелдік инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында ұсынамыз:

74-1-баптың 6-тармағының 3) тармақшысы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияда осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулерден төмен деңгейге дейін оған тиесілі акцияларының санын *азайту арқылы акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияның директорлар кеңесінен тиісті талаптарды алған күннен бастап* он жұмыс күн ішінде жасалған бұзушылықты жоюға міндетті.».


74-1-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияның директорлар кеңесі бұзушы акционерді анықтайды және оған акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияға шетелдік қатысуды (бақылауды) шектеу жөніндегі қағидаларда және акционерлік қоғам нысанында құрылған авиакомпанияның жарғысымен белгіленген тәртіппен *осы баптың 1-тармағында белгілінген шектеулерді бұзушылықтарды жою туралы талапты жолдайды.*».

Заң жобасының редакциясын қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында 74-1-баптың 8-тармағын алып тастауды ұсынамыз.

Баяндалғанның негізінде заң жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Парламентінде одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі



А. Мамин



201 ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «12» июня 2019 года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Мажилис Парламента  
Республики Казахстан

На № 10-5-386  
от 03.04.2019 г.

**Заключение  
Правительства Республики Казахстан на  
поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и  
дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по  
вопросам жилищно-коммунального хозяйства»**

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства» (далее – законопроект), инициированному Правительством Республики Казахстан, сообщает следующее.

Депутатами предлагаются поправки в Законы Республики Казахстан «Об акционерных обществах», «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» в части ограничения прав акционеров, которые превысили максимальные пороги участия (контроля) в казахстанской авиакомпании в виде ограничения права голоса, ограничения права на получение дивидендов, принудительного выкупа акций и принудительной их реализация в случаях, предусмотренных Законом «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации», а также наделения уполномоченного органа в сфере гражданской авиации компетенцией по утверждению правил иностранного участия (контроля) в авиакомпании, созданной в форме акционерного общества. Предлагаемые нормы направлены на сохранение за казахстанскими авиакомпаниями, осуществляющие регулярные воздушные перевозки, прав на выполнение ими международных авиаперелетов.

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет баябына қажетті кошірмелер шектеулі далада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕККЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні қорсетілугі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при службеиной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014256 \*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Кіріспе  
2019 ж. 12 с. 06

0014256 \*  
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

Основной целью законопроекта является урегулирование деятельности органов управления с обеспечением прозрачности их деятельности, регламентация механизмов сбора средств на текущий и капитальный ремонты жилых домов, обеспечение безопасной эксплуатации объектов газоснабжения и опасных технических устройств, совершенствование деятельности жилищных и жилищно-строительных кооперативов, автоматизация и инвентаризация учета очередности на жилище из государственного жилищного фонда.

Предлагаемые депутатами поправки к законопроекту не противоречат нормам Конституции Республики Казахстан и действующим законодательным актам. Предлагаемые поправки не предполагают принятия норм, предусматривающих введение регуляторного инструмента и связанных с ним требований или осуществление ужесточения регулирования в отношении субъектов частного предпринимательства.

Предлагаемые поправки депутатов к законопроекту не предполагают увеличение расходов государственного бюджета.

Депутатами Мажилиса Парламента Республики Казахстан инициированы 4 поправки.

#### ***По позициям 1, 2 и 3 сравнительной таблицы***

Поправки касательно внесения дополнения в Законы Республики Казахстан «Об акционерных обществах», «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» в части ограничения прав акционеров и наделения уполномоченного органа в сфере гражданской авиации компетенциями по утверждению правил по ограничению иностранного участия (контроля) в авиакомпании, созданной в форме акционерного общества **поддерживаются**.

#### ***По позиции 4 сравнительной таблицы***

Поправка касательно дополнения в новой статье 74-1, регламентирующего ограничение участия (контроля) в авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, касательно механизма определения «нарушившего акционера» советом директоров, проведения принудительного выкупа и (или) принудительной реализации акции «нарушившего акционера», а также определения возможности одного лица самостоятельно либо совместно с одним или несколькими лицами прямо или косвенно определять решения юридического лица или иностранной организации, не являющейся юридическим лицом, **поддерживается частично**.

В целях исключения дублирования предлагаем в новой статье 74-1 слова «, утвержденными уполномоченным органом в сфере гражданской авиации» исключить.

В целях уточнения ответственности акционеров авиакомпании, предлагаем первый абзац пункта 4 статьи 74-1 изложить в следующей редакции:

«4. Акционер авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, *частично или полностью* не представивший авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, информацию согласно требованиям пункта 2 настоящей статьи:».

В целях защиты интересов иностранных инвесторов предлагаем:

Подпункт 3) пункта 6 статьи 74-1 изложить в следующей редакции:

«3) обязан устранить совершенное нарушение в течение десяти рабочих дней с даты получения соответствующего требования от совета директоров авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, путем уменьшения количества принадлежащих ему акций в авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, до уровня, ниже ограничений, установленных пунктом 1 настоящей статьи.».

пункт 7 статьи 74-1 изложить в следующей редакции:

«7. Совет директоров авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, определяет нарушившего акционера и направляет ему требование об устранении нарушения ограничений, установленных в пункте 1 настоящей статьи, в порядке, определённом правилами по ограничению иностранного участия (контроля) в авиакомпании, созданной в форме акционерного общества, и уставом авиакомпании, созданной в форме акционерного общества.».

В целях приведения редакции законопроекта в соответствие с действующим законодательством, предлагаем исключить пункт 8 статьи 74-1.

На основании изложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение законопроекта в Парламенте Республики Казахстан с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**



**А. Мамин**